

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2022 жылғы 22 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары
Р.В. Склярға

Депутаттық сауал
Құрметті Роман Васильевич!

Солтүстік-Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында тұрғындар «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағы арқылы өтетін Шалқар-Имантау курорттық аймағындағы жолдарды жөндеудің проблемалық мәселелері бойынша көмек көрсету мәселесімен жүгінді.

Солтүстік-Қазақстан облысының республикалық маңызға ие туристік орындардың ондығына кіретін өзіндік табиғи маржаны бар және жыл сайын бүкіл елден демалушыларды тартады. Имантау-Шалқар табиғи аумағы орналасқан Айыртау ауданы облыстың басты туристік орталығы болып саналады.

2018 жылы McKinsey&Company халықаралық консалтингтік компаниясы Имантау-Шалқар курорттық аймағын дамытудың Мастер-жоспарын әзірледі. Ал 2019 жылы Имантау-Шалқар курорттық аймағы Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде республикалық маңызы бар басым туристік аумақтардың ондығына кірді.

Аталған мемлекеттік бағдарлама аясында көлік және инженерлік инфрақұрылым құрылысы, абаттандыруды жүргізу және «Көкшетау» табиғи паркінің бас жоспарын бекіту бойынша іс-шаралар жоспарланған болатын.

Осындай іс-шаралар Солтүстік-Қазақстан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына енгізілді.

Осылайша, келешекте жүргізілген іс-шаралардың қорытындысы бойынша ыңғайлы көлік инфрақұрылымы болады, автомобиль жолдарының сапасы жақсарады және туристердің жолға кететін уақыты 50% - ға қысқарады деп жоспарланған болатын.

Бұдан басқа, инженерлік инфрақұрылым және абаттандыру орналастыру объектілерін жыл бойы жұмыс режиміне ауыстыруға ықпал ететін болады. Барлық іс-шараларды іске асыру туристер ағынын 2,5 есеге (жылына 280 мың туристке дейін) ұлғайтады және 1000-нан астам жаңа жұмыс орындарын құрады.

2020 жылы жоғарыда көрсетілген іс-шараларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Көкшетау» табиғи паркі инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарын түзетуді бастады. Бірақ, өкінішке орай, бас жоспар әлі бекітілген жоқ. Ал бұл жағдайлар және ұзаққа созылған үдеріс мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуына кедергі келтіреді және Солтүстік-Қазақстан облысының туристік саласының дамуына теріс әсер етеді.

Сонымен қатар, бірнеше жылдар бойы Солтүстік-Қазақстан облысының әкімдігі инвесторлар, оның ішінде шетелдік инвесторлар туристік бизнесті, тиісті инфрақұрылымды және курорттық аймақ ішінде сапалы жолдарды дамыту үшін жер учаскелерін алу мүмкіндігінің болмауына байланысты жобаларды іске асырудан бас тартатын проблемаға тап болды.

Өкінішке орай, Солтүстік-Қазақстанның заманауи облыстық туристік индустриясы туристік саланың және онымен шектес салалардың тұрақты дамуына сәйкес келмейді, қамтамасыз етпейді.

Бұдан басқа, ұлттық парк жерлерінде көлік және инженерлік инфрақұрылымның болмауы зәкірлі инвесторларды тартуға теріс әсер етеді.

2020 жылы курорттық аймақтағы 5 автомобиль жолы мен кірме жолдарға жөндеу жүргізуге жобалау-сметалық құжаттама және мемлекеттік сараптама әзірленді.

Алайда, құрылысқа республикалық бюджеттен қаражат бөлінген жоқ.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі көлік және инженерлік инфрақұрылым құрылысына, сондай-ақ ұлттық паркті абаттандыруға құжаттама әзірлеуге бюджеттік өтінім бермеді.

Құрметті Роман Васильевич!

Имантау-Шалқар курорттық аймағы тек Солтүстік-Қазақстан облысының ғана емес, бүкіл елдің игілігі болып табылады.

Жоғарыда баяндалған мәселелерді ескере отырып, туристік кластерді дамыту шеңберінде кешенді тәсіл қажет деп санаймыз, атап айтқанда:

бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігіне Солтүстік-Қазақстан облысы аумағында туристік саланы дамытуға серпін беретін Бас жоспарды тездетіп бекіту жөнінде тапсырма беруді сұраймыз;

екіншіден, көлік және инженерлік инфрақұрылым құрылысына және ұлттық паркті абаттандыруға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге, оның ішінде 17,5 км автомобиль жолына және зәкірлі инвесторларды тарту үшін ұлттық парк жерінде жылу, электрмен жабдықтау желісінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге қаражат бөлуді шешу қажет;

үшіншіден, курорттық аймақтың оң имиджін қалыптастыру мақсатында ұлттық парк жерлерінде курорттық аймақты абаттандыруды жүргізуге жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қаражат бөлу қажет.

Депутаттық сауалды қарауды және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен,

**Парламент Мәжілісіне
Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттар**

**І. Бұларов
С. Абдрахманов
А. Амирханян
Н. Дементьева
Ю. Ли
З. Кузиев
В. Набиев
Ш. Осин
А. Хамедов**

✉ *А.Байжанова*
☎ 8(7172) 74-67-55